

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН



ПОЭТИКА
және
ӨЛЕҢТАНУ
мәселелері

IX
Проблемы
ПОЭТИКИ
и
СТИХОВЕДЕНИЯ



90
ГБ
ЖЫЛ



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University Abai

ПРОБЛЕМЫ ПОЭТИКИ И СТИХОВЕДЕНИЯ

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және
көрнекті қазақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған
"Поэтика және өлеңтану мәселелері ІХ"
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы
20-21 мамыр 2021 ж.**

**Международная научно-теоретическая конференция
"Проблемы поэтики и стиховедения ІХ",
посвященная 30-летию Независимости Республики Казахстан
и 90-летию выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева
20-21 мая 2021 г.**

**International scientific and theoretical conference
"Problems of poetry and prosody ІХ"
is dedicated to the 30th anniversary of the Independence of the Republic of Kazakhstan
and the 90th anniversary of the outstanding Kazakh poet Mukagali Makatayev
20-21 May 2021**

Алматы, 2021

УДК 821.512.122.0 (063)

ББК 83.3(5 Каз)

П 78

Главный редактор:

д.п.н., профессор Т.О. Балыкбаев.

Научный редактор:

д.ф.н., профессор Абишева С.Д.

Члены редколлегии:

*к.ф.н., доцент Поляк З.Н., ст. преп. к.ф.н. Хавайдарова М.М.,
к.ф.н., доцент Ибраева Ж.Б., к.ф.н., и.о.ассоц.профессора Байшукурова Г.Ш.,
к.ф.н., доцент Маймакова А.Д., ст. преп.к.ф.н. Поляк Д.М.,
доктор Ph.D.о.ассоц.профессора Сабирова Д.А.,
доктор Ph.D.о.ассоц.профессора Серикова С.К.,
ст. преп.магистр Абуова Б.П., докторант 3 курса Умарова А.Б.*

Технический секретарь:

Нурбаева А.М.

Рецензенты:

*Нефагина Г.Л., д.ф.н., профессор (Польша, Слупск),
Белобровцева И.З., доктор Ph.D, профессор (Эстония, Таллинн),
Джолдасбекова Б.О., д.ф.н., профессор,
член-корр. НАН РК (Казахстан, Алматы)*

П 78 Проблемы поэтики и стиховедения: *Мат. IX Международной научн.-теоретич. конф., посвящ. 30-летию Независимости Республики Казахстан и 90-летию выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева (20-21 мая 2021 г.). – Алматы: «Ұлағат», КазНПУ им. Абая, 2021. – 374 с.*

ISBN 978-601-353-019-2

В сборник вошли материалы Международной научно-теоретической конференции, посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и 90-летию выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева. Конференция проведена кафедрой русского языка и литературы Института филологии и полиязычного образования КазНПУ им. Абая. Основные разделы сборника отражают различные подходы к изучению текста современными учеными-филологами. Первый раздел посвящен исследованию творческого пути выдающегося казахского поэта Мукагали Макатаева. Остальные пять разделов сборника включают литературоведческие и лингвистические исследования, а также статьи по актуальным проблемам филологического образования в вузе и школе. Среди авторов сборника – известные отечественные, зарубежные ученые и молодые начинающие филологи.

Сборник предназначен специалистам-филологам, преподавателям высшей и средней школы, студентам, магистрантам, докторантам Ph.D, а также всем, кого интересуют проблемы изучения литературы и лингвистики.

УДК 821.512.122.0 (063)

ББК 83.3(5 Каз)

ISBN 978-601-353-019-2

КазНПУ им. Абая, 2021

«ОСЫ МЕН, СІРӘ ДА, ӨЛМЕЙТІН ШЫҒАРМЫН!»

Басқа ақындар секілді Мұқағали Мақатаев – өз заманының перзенті. Оның «Құрметтендер, жиырма-сыншы ғасырды», «Менің ғасырым», «Мен – Октябрь», т.б. өлеңдері өзі өмір сүрген дәуірді мақтан етуден туған. Ол сол кезеңдегі ел өміріндегі негізгі де өзекті мәселелерді жыр жолдарына арқау етті. Солардың ішінде көзге ерекше түсетіні – Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өмірінің ауыр тіршілігі мен адамзат баласының жүрегіне соғыс салған жазылмас жара. Ел өміріндегі қасіретке толы екінші дүниежүзілік соғыс Мұқағали ақынның замандастарының бәріне де ортақ болса, сол шындықты әрқайсысы өз шама-шарқынша бейнеледі. Ақын өлеңдерінің дені сұрапыл соғысқа айтылған лағынет тәрізді. «Көзің нұрсыз дейсің сен» өлеңіндегі «Жанарымның жартысы ағып кеткен, Себебі, бір-ақ рет шын жыладым» дейтін лирикалық кейіпкердің әкесін майданға шығарып салғандағы көңіл-күйін ақын шынайы бейнелеген. Ақын шығармаларын оқып отырып, әкесінің аманатын арқалаған он жасар лирикалық кейіпкер өмір бойы сол аманатқа қиянат жасамауға бел байлаған тәрізді әсер береді. Он жасында балалықпен қоштасып, кәрі ана мен жас бауырларына қамқор болуды мақсат тұтқан ол «Сарылып оқып білім ал, Сөнгенше сәулең асырар» деген аманатты жадында сақтап оқудан да қол үзбеген.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тыл өміріндегі ауыр тіршіліктің куәсі болған ақын «1941 жыл. Ақпан», «Қайран жеңгем», «Майданның бәйгесіне», «Соғыстың соңғы көктемі», «Беташар», «Қара қамба», «Абысындар», «Қырқыншы жылдар», «Қырқыншы жылдардағы бесік жырынан», «Біздер жеңдік», т.б. өлеңдерінде сол заманның жанды картинасын жасады. Ол:

Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас, көзімізден жас ақты.
Бірақ со бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты [1, 223], –

деген өлең жолдарына өз замандастарының образын сыйғыза білген. Осы өлеңдерге арқау болған негізгі идеяны «Бала шақтан – болашаққа» деген өмірдастанында жалғастырды. Бұл дастандағы кәрі-жастың, қыз-келіншектің түгелдей ауыр жұмысқа тартылғаны мен жесір жеңгелерінің жеке бастарынан өткізген жағдайлар сол тұстағы өмір шындығының жанды картинасы екені рас. Әсіресе жесір қалған жеңгелерінің жерік болып жүрген шағын ақын нанымды түрде бейнелеген. Шаңырақ сайын бір азаматын Отан қорғауға берген қырық түтіні бар ауылдың жазылмас жарасын «Қырық әже күзетіп отырады, Қырық ұлдың орынын суып қалған» деген екі тармаққа сыйғызды. Осындай ауыр кезең куәгері болған ақын «Қайырлы таң», «Армысыздар адамдар» өлеңдерінде бейбіт өмірдегі тыныштықтың шырқы бұзылмауын мақсат етті.

Ақын шығармаларынан туған жер туралы өлеңдері үлкен орын алады. «Тайсалмай өзім тауда өстім, Таласар, қане, бар ма ешкім!» деп жырлаған тау ұлында өршіл рух басым. Оны он жасынан көрген ауыр тіршілігі де, әкеден жастай айрылған қасіреті де жасыта алмаған. Керісінше, «қырдан масақ терген қызыл аяқ партизандар» – әкесіздік пен некесіздіктің не екенін біліп, ерте есейгендер. Ақын өзі өмір сүрген дәуірдің шынайы картинасын «Бала шақтан – болашаққа» атты өмірдастанында жинақтай білді. Мұнда ақынның тал бесікте жатқанда жыланнан аман қалуынан бастап, оның көз алдында өткен өмір шындығы суреттелген. Сол жылдары жер жырттып жерге егін салуға он жасар балалар ғана емес, күш-қуаты толмаған тайлардың жегілуі де өмірден алынған шындық. Әсіресе, қасқа тайдың мүшкіл хәлін ақын «Мезгілсіз үсік ұрған жапырақтай, Бүрісіп қос құлағы салбырады» деп нанымды бейнелеген. Тұяғын да серпуге шамасы келмеген тайынан айрылған лирикалық кейіпкер сол бір шақтағы сезім-күйін «Белім менің бесіктен шықпай жатып, Беймаза өмір, мінеки, қайғы ұсынды» деп суреттеген. Осылайша бұғанасы қатпаған балалар мен тайлардың ауыр еңбекке жегіліп, құлағанша еңбек еткенін параллел суреттеу арқылы тыл өмірінің жанды картинасын жасады. Әсіресе жалғызын майданға аттандырған ананың қаралы хабарға сенбей өмірден өткенше перзентін тосудың:

Есімде әлі.
Әжемді өлерінде,
Көзімше көрші шалдың алдағаны.

Жатқан-ды түпсіз, терең сандырақта,
Одан саса қоймады шал бірақта:
«Балаң тірі, тірі екен хаты келді,

Қинама енді жаныңды қалжыратпа...»

«Бәсе...

Солай...

Кебенек киіп кеткен...»

Деді де, бәрімізді сүйіп бетген,

Мазасыз жан алданып, толас тауып,

Мәңгілік ұйқыменен ұйып кеткен... [1, 452], – деп бейнелеуі – өмір шындығы. Бұл – жалғызын майданға жіберіп, «кебенек киген келеді» деп күнде қыр басына шығып, соғымнан сыбаға сақтаған қазақ аналарының типтік бейнесі еді.

Кіндік кескен өлкесін «Ескі жұртта», «Нені аңсаймын», «Хантәңірі», «Апырмай, Туған жер-ай!», «Бозқараған», «Туған жерге», «Қайран Қарасазым-ай!», «Аттанғанда», т.б. өлеңдерінде жырға қосқан ақын ендігі жерде жалқыдан жалпыға ауысып, қазақ жерінің шығысы мен батысын, оңтүстігі мен солтүстігін «Алматының аспаны», «Жездіде», т.б. өлеңдерінде түгел жырға қосты. Ақын бұл өлеңдерінде нақтылыққа қарай бет бұра бастады. Ол қазақ жерінің жекелеген қала, облыстарының нақты жетістіктерімен мақтанды. Оның ұғымындағы қазақ еліне, туған жерге деген үлкен құрмет «Елім барда», «Отан», «Қазақстан», «Отан туралы», «Елім! Саған ғашықпын», «Қазақ жері», т.б. өлеңдерінде Отан деген ұғыммен кеңейе түсті. Осы өлеңдердің лейтмотивін ақын «Алтай – Атырау» деген поэмасында жалғастырды. Қазақтың кең сахарасын түгел жырға қосқан ақын қазақ болып туғанына марқайған күй танытады.

Ақын туындыларының бірсыпырасына табиғат лирикасы арқау болған. «Мен таулықпын!» деп келетін өлеңдерінде өршіл рух басым. Бірсыпыра ақындар қазақ халқын көк бөриден жаралған деп жырласа, Мұқағали «тау баласы тауға қарап өсетіндігін» мақтан етті.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.

Күн алғашқы сәулесін маған шашып,

Маған келіп түнейді қара тұман [1, 225].

«Пай, пай, шіркін! Демін-ай жігіт – қыстың!» дейтін ақын Абайдың кәрі қысын жас жігітке теңейді. Ақын ұғымындағы қыс жас жігітке тән от қызуымен ерекшеленеді. Қақаған қысты жас жігітке, ақ қалат киген дәрігерге теңеу – ақынның қазақ поэзиясына алып келген жаңалығы. Енді бірде ол қысты ақ қалат киген дәрігерге балайды:

Аспан, жердің арасын.

Дәрігер – қыс алуда.

Табиғаттың жарасын

Ақ дәкемен таңуда.

Ақын жер бетінің лайсаңын аппақ қармен жапқан қысты тазалыққа теңеген. Қысты бірде жас жігітке, енді бірде дәрігерге теңеген ақын көктемге де жаңа балама іздестірген. «Ұзатылған көктем – қыз, Қайта оралса несі бар?!» дейді. Ақын көктемді ұзатылған қыздарға ұқсатады.

Ай, күн, жұлдыз сияқты аспан денелерін жырға қосу қазақ поэзиясында қалыптасқан дәстүр болса, осы дәстүрді жаңа қырынан байытып «Аспанның лағыл маржаны, Мұхитқа батып барады» деп жұлдыздарды лағыл маржанға теңеу арқылы бейнелі образ жасады. Осы секілді жаңа тіркестерді ақын поэзиясынан мольна кездестіруге болады. Ол бірде «Сырғасынан айрылған ақ қайыңның» деп ағаш жапырағын сырғаға теңесе, енді бірде «Күн түйе алмай барады шашын әлі» деп күннен шашылған шуақты сұлулардың шашына балайды. Ақын табиғатқа жан бітіріп кейіптеуге шебер. Оны мына жолдардан көруге болады:

Емендер анау

Жапырақтары шашылып,

Қайыңдар әне

Бөксесін жерге батырып,

Аһ ұрып бәрі

Аңсайды нәсер шақырып.

Немесе:

Айрылып бара жатыр ағаш біткен көріктен.

Көргенсіз де,

Жүгенсіз де,

Күздің бұзық бораны,

Бала – бақтың, дала – қарттың,

Шашын түгіп желіккен.

Жасыл желекті бақты балаға, кең жазира даланы қазыналы қартқа теңеу, жоғарыда келтірілген тың тіркестер мен жаңа бейнелер – оның қазақ поэзиясына алып келген жаңалықтары. Әдебиеттегі жаңашылдық жөнінде М.Базарбаев: «Мазмұн мен түр жағынан көркемөнер бірте-бірте өзгереді. Мұндай кезеңде нағыз таланттар жаңаны өзіне күштеп бағындырады, жаңа құбылысты жаңаша айтуға ұмтылады» [2, 55], – деген болатын. Ғалымның осы пікіріне сүйенетін болсақ, М.Мақатаев – қазақ поэзиясына мазмұн мен түр жағынан жаңашылдық алып келген талантты ақын.

Ақын шығармасында махаббат туралы өлеңдер ерекше орынға ие. «Махаббат диалогы», «Махабатым өзімде», «Ат суара барғанда жылғаға мен», «Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға!», «Қарғам-ау, қайда-сың сен, жүрсің бе есен?», «Жамылып сағыныштың сал шекпенін», «Махаббат моласы», «Жүр, қалқам», «Сен әлі тірі ме едің?», «Сен менің», «Алдынан терезеңнің жүріп өттім», «Сол түні», «Сен бе едің», «Сүйген ерін», т.б. өлеңдері осы тақырыпты жеткізе жырлағанына мысал. Осылардың ішінде диалогқа құрылған «Махаббат диалогы» – қазақты жатқа айтатын жыры. « – Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің? – Сені іздеумен мәңгілік өтер едім», – деп келетін екі ғашық арасындағы сырлы сезімді жастардың сүйе оқитыны да содан.

XX ғасыр басындағы М.Жұмабаевтың махаббат туралы жалынға оранған жырларын кеңестік дәуір тұсында сырлы сезіммен жалғастырған М.Мақатаев болды.

Мағжанның:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләзаттың бір минутын бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына [3], – деген жолдары мен
Мұқағалидың:
Сүйгісі келе берер сүйген ерін,
Сүй, жаным!
Сүйкімді бір күйге енемін.
Жүрегіміз жақыннан бірге соқсын,
Ағытшы бешпентіңнің түймелерін [1, 147], –

деп келетін өлеңінен үндестікті табу оңай. Сүйіскен жастар бойындағы ішкі иірімдерге үңілу, көңіл-күй сезіміне ерекше мән беру – Мағжанның қазақ поэзиясына алып келген жаңалығы болса, осы үрдісті Мұқағалидың жалғастыруы заңдылық. Бірақ кеңестік дәуір тұсында адамның сезім күйлерін осылай ашық суреттеу саясатқа қайшы еді. Махаббат сезімін, қоғам шындығын ашық, шынайы жырлағаны үшін Мұқағали жырлары кезінде біржақты теріс бағаланды. Ақын мұрасы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана әділ бағасын алды. Ол жөнінде қазақ поэзиясын зерттеуші А.Егеубаев: «Бүгінде самғауы биік қазақ жырының сырлы өлкесінен орын тапқан – Мұқағали Мақатаевтың саңлақ үні халық санасына сіңді деп айтуға негіз бар. Ақынның шыншыл, сыршыл қоңыр дауысы әдебиет әлеміне орнықты», – деген болатын [4, 610]. 2000 жылы ақынның «Аманат» өлеңдер жинағына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының берілуі – ақын мұрасына берілген жоғары баға.

Қазақ поэзиясының арғы-бергі тарихында жекелеген адамдарға арналған арнау өлеңдер жетерлік. Мұқағали шығармаларынан да жеке адамдарға жазған арнау өлеңдер көптеп кездеседі. Олардың бір-қатары туыс-бауырларға, балаларына, сүйгеніне қарата айтылса, енді бірсыпырасы ақын-жазушылар мен тарихи тұлғаларға арналған. Солардың қатарында «Қасым солай болмаса», «Майгүлге», «Майгүліме», «Әкеме», «Қызыма», «Әбділда», «Ағажан», «Бауыржан Момышұлына», «Пушкинмен қоштасу», «Сабырханға», «Төлегенге», «Ұлыма», «Сергей Есенинге», «Шәмілге жазған хаттардан», «Ғабана», «Фаризаға», т.б. өлеңдерін атауға болады. Осылардың ішінде қызы Майгүл мен қазақтың ақын қызы Фаризаға арналған өлеңдері көпшілік оқырманның ыстық ықыласына ие болды. «Фаризаға» өлеңіне ән жазылып, көптің сүйіп тыңдайтын әндерінің қатарына қосылды.

Ақынның бір топ өлеңдеріне ән жазылып көптің ыстық ықыласына бөленді. Осындай ән-өлеңдерінің қатарында «Арулар», «Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған», «Жазира, жасыл кілем өрнектелген», «Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда!», «Сәби болғым келеді», «Жетісу», «Дарига, домбырамды берші маған», «Солдат арманы», «Аңса, жаным», «Есіңе мені алғайсың», «Құмған алған», т.б. атауға болады.

Мұқағалидың соңғы жылдары жазған өлеңдері оның ауру меңдеп, ауруханада жатқан жүрегінің жаралы сәттерінен хабар береді. Бұл тұстағы өлеңдерінен өмірге деген құштарлық, өмір бар жерде өлімнің бар екендігін шынайы қабылдау сынды ойлар байқалады. Оның «Не пайда күрсінгеннен, өкінгеннен», «Туған жер сағындырды, келді есіме», «Бір келіншек», «Өзгеден емес, өзімнен қорқам», «Жүрек неге зат

болып жаралмаған», «Дәрігеріме», «Болашақ дәрігерге» өлеңдері өмір мен өлімнің бетпе-бет келген сәттерінен хабар береді.

XX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қазақ әдебиеті жетістігінің бірі – ауыздан-ауызға тарап, атадан балаға жеткен аңыздарға жан бітіріп, халқымен қайта табыстыру болса, ақын шығармаларынан бұл ерекшелік те байқалады. Оған «Жетім көл» туралы аңызға құрылған «Аққулар ұйықтағанда» атты поэмасы мысал бола алады.

Бірде ана көкке жайып алақанын:

«Қазір, ботам...
Мінеки, таң атады...
Қазір, ботам, аққумен ұшықтаймын...
Жазыласың құлыным...
балапаным! [1, 475], –

деп, өзімен-өзі сөйлесіп жүретін ананың қасіретін аққулардың қасиетін үркітумен ұштастырған. Поэма-ның эпилогында аққулардың содан кейін «Жетім көлге» оралмағанын «Тек қана тыныштықта ұйықтайды олар, Шошыса, екінші рет оралмайды», – деп түсіндіреді. Әрбір тіршілік иесінің киесі болатынын ескеретін болсақ, махаббаттың символына айналған аққулар жұптасып өмір сүреді. Олар сыңарынан айырылғанда өздері де өлім құшады. Сыңарына деген адалдық басқа тіршілік иесінде осындай жоғары дәрежеде кездеспейді. Сұлулық пен інкәрлік, адал махаббаттың символына айналған аққуды атқан ананы құстың киесі ұруы дау туғызбайды.

Алпысыншы жылдардағы қазақ поэзиясына өршіл рухпен келген Мұқағали қазақтың сөз өнеріне қомақты үлес қосты. Оның қаламынан туған эпикалық поэмалар ұлттық рухани қорымызды көркем образдармен, бейнелі кестелермен байытты. «Мавр», «Ильич», «Болшевиктер», «Чили – шуағым менің» поэмалары – XX ғасырдағы кеңестік дәуірде өмір сүрген жандардың көңіл-күйі мен наным-сенімін шынайы бейнелеген туындылар. Ақынның осы поэмалары жөнінде сыншы С.Жұмабек: «Мұқағали туындыларының қалай дегенде де кесек-кесек күйінде жарық көруі оның теңдесі жоқ талантының құдіретіне байланысты. Бұл орайда «Мавр», «Ильич», «Болшевиктер», «Чили – шуағым менің» сияқты атақты поэмаларын айтсақ та жетіп жатыр», – деген болатын [5, 96]. Шағын лирикалары мен кең құлашты поэмаларында XX ғасырдың көркем суретін жасаған ақын шығармаларында өршілдік рух басым. Оның лирикалық кейіпкері – ел басына түскен қиыншылықтарды жеңе жүріп жеңіске жететін жасампаз, жеңімпаз. Поэмаларында өзі өмір сүрген қоғам шындығын замандастарының бойына жинақтай білген ақынның кейіпкерлері жөнінде осы жанрды зерттеуші Ә.Нарымбетов былай деген болатын: «М.Мақатаевтың «Ару – ана» поэмасындағы Құрман өмірдің қиын-қыстау соқпақтарын, талай тар жол, тайғақ кешуін бастан кешіріп барып, адамдық қасиетін жоғалтпай сақтайды. Ақын осы бір кейіпкердің өмір жолын қызықты да тартымды етіп суреттеуде өзіндік көркем бояу, ұшқыр поэтикалық тыныс тапқан» [6, 51].

Қорыта айтқанда, ақынның ермек үшін емес, «Жаралы жүректерді емдеу үшін» жазған жыр жолдары өз мақсатына жетті. Ол – өмірдің қуанышы мен қасіретін қатар тартқан, өмір мен өлімнің не екенін ерте түсінген, өз замандастарының жан жарасына шипа іздеген ақын. Сондықтан да болар «Саржайлау», «Сөнбейді әже, шырағың», «Кел, еркем, Алатауыңа» сынды бірсыпыра өлеңдеріне ән жазылып, ән сүйер қауымның сүйіп тыңдап келе жатқандығы. Олай болса, қазақ поэзиясына жаңа ырғақ, соны серпін алып келген Мұқағали ақын әр қазақтың жүрегінде мәңгілік жыр болып қала бермек. Оның жарқын мысалы – қазақ ақындарының ақиық ақын М.Мақатаевқа арнаған арнаулары мен Ә.Таразидың «Муза (Абай – Мұқағали)», С.Тұрғынбектің «Мұқағали», Р.Отарбаевтың «Фариза мен Мұқағали» пьесалары. XX ғасырдың соңғы онжылдығы, яғни тәуелсіздік тұсында ақын Мұқағали Мақатаев мұрасын жаңаша тануға деген көзқарас қалыптасты. «Тіпті кеше оқушылық кезде де, Тізгінімді ешбір жанға бермедім» дейтін ақиық ақынның жоғары көркемдік-эстетикалық талаппен жазылған жыр жолдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Осылардың барлығы «*Осы мен, сірә да, өлмейтін шығармын!*» деп өзі айтқандай ақын мұраларының өміршеңдігін танытады.

Әдебиеттер

1. Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар. Құраст. Б.Айдарова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
2. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. Таңдамалы ғылыми зерттеулері. Екінші басылымы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005. – 512 б.
3. Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 1-том. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
4. Егеубаев А. Мұқағали Мақатаев. Кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы. Кеңестік дәуір әдебиеті (1956-1990). 10 томдық. 9-том. – Алматы: Қазақпарат. – 2005. – 992 б.

5. Жұмабек С. Сын әуені (Әдеби ой-толғаныстар). – Астана: «Елорда», 2001. – 96 б.
6. Нарымбетов Ә. Ғасыр сыры: Зерттеулер мен естеліктер. – Алматы: «Арда», 2008. – 312 б.

Г.Н. Старченко
(*Казахстан, Павлодар*)

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ ПОЭЗИИ М.МАКАТАЕВА

Центральные вопросы экзистенциализма – существование человека, смысл его жизни и судьбы в мире – необычайно созвучны любому, задумывающемуся над своим бытием, человеку. Вот почему экзистенциализм столь популярен и поныне. Жизненный мир – это не фрагмент предметного материального мира, а мир духовности, субъективности.

Одна из главных проблем философии экзистенциализма – проблема сущности и существования человека. Представители данного направления, давая определение экзистенциализму, в первую очередь говорят об «антропологической ориентации» экзистенциализма, о его концентрации на проблемах смысла жизни, индивидуальной ответственности, предлагая здравую и очень важную идею ответственности человека за всё, что происходит с ним самим и с другими людьми. Человек является способным мыслить и осознавать своё бытие, поэтому рассматривается в экзистенциализме как ответственный за своё существование.

Ярким примером использования философии экзистенциализма в казахской поэзии является творчество Мукагали Макаатаева. Экзистенциализм ставит очень важные вопросы, которые всегда волнуют людей: «Для чего живёт человек? В чём смысл его жизни? Каков выбор им своего жизненного пути?». В своих произведениях поэт затрагивает такие проблемы, как человек и история, человек и природа, бытие и самобытие человека, добро и зло в жизни человека, видимое и невидимое, истинное и мнимое в нём. «Высокая гражданственность, социальная заострённость и оправданная человеческая ярость против подлости и зла на Земле сделали поэзию М.Макаатаева народной... Сегодня, раскрывая страницы его книг, мы испытываем чувство трепетного волнения и великой гордости за своё поколение, к которому принадлежит Поэт», – писал А.Алимжанов [Цит. по: 1,262].

Сын фронтовика, погибшего в первый год войны в Подмосковье, в 33 года издал первый сборник стихов, а на 45-м году жизни, полный замыслов и вдохновения, на самом взлёте поэтического творчества покинул земной мир. Мукагали Макаатаев прожил нелёгкую жизнь. Первый сборник стихов вышел только через тринадцать лет после поэтического дебюта, а переводов своих стихов на русский язык он так и не увидел.

По мнению К.М. Сеитовой, «возрастающая популярность М.Макаатаева становится знаменем нового взгляда, подлинного открытия его духовного мира» [2, 3]. Философская глубина, внутренняя напряжённость, новые формы – важные особенности лирики М.Макаатаева.

Большое место в его поэзии занимает жанр «толгау» (историко-философское раздумье). Лирические стихотворения с глубокими раздумьями и переживаниями занимают ведущее место в творчестве Макаатаева. Поэт многогранен.

У подростка было суровое военное детство. Эти годы оставили неизгладимый след в душе поэта. Разрабатывая нравственную проблематику на материале минувшей войны, М.Макаатаев поднимает те глубинные пласты нравственной жизни отечества, которые и сейчас находятся в поле зрения читателей. Проблемы общечеловеческого бытия в поэзии М.Макаатаева взяты не абстрактно, а применительно к конкретным жизненным ситуациям. Поэт понимает, что только мать не поверит в смерть своего сына, будет ждать его до последних дней:

До сих пор в памяти. Перед смертью бабушку мою,
При смерти при мне же обманул сосед наш старик.
Она лежала, бредя в глубоком забытии,
Но старик особо не растерялся, сказав:
«Твой сын жив, получили же письмо от него,
Не мучай себя, душу свою изнуря...»
«Да, я так и знала... Он должен быть живым...» –
Сказала она, всех поцеловала в щеки,
Беспокойная душа её успокоилась,
Заснув вечным сном...» [Цит. по: 3, 1178].

Это типичный образ матерей, которые до конца жизни верили, что их сыновья вернутся с войны, и каждый день, забравшись на холм, смотрели на дорогу.

СОДЕРЖАНИЕ

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО РЕКТОРА КАЗНПУ ИМЕНИ АБАЯ БАЛЫКБАЕВА Т.....	4
--	---

СУДЬБА И ПОЭЗИЯ МУКАГАЛИ МАКАТАЕВА

БЕССМЕРТНАЯ ЖИЗНЬ МУКАГАЛИ МАКАТАЕВА. Интервью журналиста газеты «Караван» Марины Хегай с Сауле Абишевой.....	5
Н.Б. Абдиходжаева, З.Ж. Алтаева МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ, ТИПДІЛІГІ.....	8
Қ.Ө. Ажиев, Р.А. Досмаханова С.СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ М.МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ.....	11
С.Ж. Әбішева М. МАҚАТАЕВТЫҢ КҮНДЕЛІКТЕРІ.....	14
Т.К. Зайсанбаев, З.К. Кокенова М.МАҚАТАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ.....	21
Ж.А. Куракбаева ОБРАЗ ОГНЯ В ПОЭЗИИ М.МАКАТАЕВА.....	25
Г.Орда «ОСЫ МЕН, СІРӘ ДА, ӨЛМЕЙТІН ШЫҒАРМЫН!».....	27
Г.Н. Старченко ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ ПОЭЗИИ М.МАКАТАЕВА.....	31

ПОЭТИЧЕСКИЙ ТЕКСТ И ТРАДИЦИИ СТИХОВЕДЕНИЯ

Е.В. Казарцев, Д.Ю. Долженко, Н.И. Емельянов ОСОБЕННОСТИ РИТМИКИ ПРОЗЫ ПОЭТА: ПОЭТ-ПРОЗАИК И ПРОЗАИК-ПОЭТ.....	35
Ж.Е. Кенжебаева АКРОТЕЗА В ПОЭЗИИ АННЫ АХМАТОВОЙ.....	40
А.Е. Кулумбетова ПРОБЛЕМА КОММУНИКАЦИИ В СТИХОТВОРЕНИИ Ф.И. ТЮТЧЕВА «НАМ НЕ ДАНО ПРЕДУГАДАТЬ...».....	43
С.А.Матяш, О.А.Тысевич ПОРТРЕТНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ПЕРСОНАЖЕЙ В ПОЭМЕ И.С.ТУРГЕНЕВА «ПОМЕЩИК» И СТИХОВЫЕ СРЕДСТВА ИХ СОЗДАНИЯ.....	44
Я.Г. Мельник К ВОПРОСУ О СТРУКТУРЕ АНАЛИЗА ПОЭТИЧЕСКОГО ТЕКСТА.....	49
Ю.Б. Орлицкий ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О ТИПАХ И СИСТЕМАХ РУССКОГО СТИХА В СВЕТЕ НОВЫХ ПОЭТИЧЕСКИХ ПРАКТИК.....	52
Г.Токшылықова, С.Қонысбекқызы, А.Рахымажі ЖЫРАУЛЫҚ ЖЕРҰЙЫҚНАМАНЫҢ ӨМІРШЕНДІГІ.....	57
О.И. Федотов О ДВУХ СОНЕТАХ ИВАНА ЕЛАГИНА.....	59
Р.М. Ханинова ПОЭТИКА БАСЕН Х. СЯН-БЕЛГИНА «ЗАН ЧОН ХОЙР» И Б. ДОРДЖИЕВА «ЗАНЫН ТУСКАР БАТХНЫН САНЛ».....	63
А.О. Хужахметов К ВОПРОСУ ЭВОЛЮЦИИ РАННЕЙ ЛИРИКИ МУСТАЯ КАРИМА.....	68

ПРОБЛЕМЫ ИНТЕРПРЕТАЦИИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

С.Асылбекұлы МҰХТАР МАҒАУИН НОВЕЛЛИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІ.....	72
А.Ахметова МИФ БОЛЬШОГО ГОРОДА В РОМАНЕ Л.Н.ТОЛСТОГО «ВОЙНА И МИР».....	74
Z.Babazade THE ATTITUDE OF AKHUNDZADE IMAGE TO THE WEST IN THE ARTISTIC WORKS.....	79
Д.А. Буланкин МОРБУАЛЬНАЯ ПРОБЛЕМАТИКА ПЬЕСЫ В.Я. БРЮСОВА «ПУТНИК».....	81
Г.И. Власова ЖАНРОВЫЕ МОДИФИКАЦИИ СОВРЕМЕННОГО ДЕТСКОГО РАССКАЗА В РУССКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА.....	84
М.Б. Джапашева ПОЭТИКА РОМАНА З. ПРИЛЕПИНА «САНЬКЯ».....	89
С.Н. Доценко ЗАГАДКА ФИНАЛА ПОЭМЫ А.БЛОКА «ДВЕНАДЦАТЬ» (К ВОПРОСУ О ДЕСИМВОЛИЗАЦИИ ОБРАЗА-СИМВОЛА).....	92
Э.Т. Жанысбекова МИФООБРАЗ КАК СЕМИОТИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ.....	96